

Нұрсәуле Тілдабаева

Әлихан мен робот Уәли

Ертегі



Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

Т 93

Тілдабаева Н.

Т 93 Әлихан мен робот Уәли: Ертегі. / Тілдабаева Нұрсәуле. – Алматы: Астана-кітап, 2021. – 32 б.

Әлиханға бәрі қызық. Айналасын жақынырақ тану үшін сұрақ қоюдан жалықпайды. Бір күні оған әкесі сөйлей алатын робот сыйға тартады. Бұл сыйлық Әлиханның өміріне жаңа тыныс алып келеді. Адам мен роботтың достығы осылай басталады. Бірақ күндердің күнінде Әлихан сыйлығынан ажырауға мәжбүр болады...

Бұл әңгіме баланы айналасына қызығып қарауға баулиды. Баланың шығармашылық қабілетін арттырып, сұрақ қоя білудің маңызын көрсетеді. Себебі, әлемді тану сұрақ қоюдан басталады емес пе?

ISBN 978-601-7595-43-2

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-43-2

©Астана-кітап, 2021



Мазмұны


Алғашқы кездесу.....	4
“Ақсақ киік” күйі.....	10
Киіз үй.....	18
Қаздың мекені қайда?.....	24
Қоштасу.....	28





Алғашқы кездесу

Әлиханның жасы жетіде. Ол зерек бала. Көп нәрсені білуге құмар. Әкесі мен анасынан әр нәрсені сұрай бергісі келеді. Оған қардың не себепті ақ түсті болатынынан бастап, адамдардың теледидар ішіне қалай сыйып кететініне дейін қызық.





Ал Әлиханның әкесі — робот жасаумен айналысатын инженер. Ол жасанды интеллектімен жұмыс істейтін түрлі роботтарды құрастырады. Бір күні әкесі үйге мысыққа ұқсайтын робот алып келді. Әлгі робот адаммен сөйлесіп қана қоймай, сұрақтарға қызық-қызық жауап береді екен.